Судья институттың студенттерімен кездесті

Арқалық қалалық сотының судьясы Бахытжан Сманбекұлы Карыбаев Мемлекет басшысының «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен гүлденуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауының негізгі бағыттары және жаңа электрондық сервистерімен таныстыру мақсатында Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының студенттерімен кездесу өткізді.

Судья Б. Карыбаев Жолдаудың негізгі бағыттарына тоқталып, президент белгілеген заман талабына сай тиімді мемлекет құрудағы мемлекеттік органдардың рөлін ерекше атап өтті.

Сонымен қатар, енгізілген жаңашылдықтар мен сот жүйесінде қолданылып жүрген жаңа технологиялармен таныстырды.

Мұнымен қоса, кеңсе меңгерушісі Мирасхан Қоғабаев өз сөзінде жаңа технологияларды қолдану сот өндірісін жеңілдетіп, уақыт пен қаржатты үнемдеп, сот төрелігінің ашықтығы мен қолжетімділігі қамтамасыз ететінін айтты.

Іс-шара соңында судья студенттердің сұрақтарына жауап беріп, оқуда жетістіктер тіледі.

Арқалық қалалық соты